



Федерациясының Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ядролық-отын циклы кәсіпорындарын ықпалдастыру туралы келісімді негізге ала  
о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының атом энергетикасын дамыту, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында екі елдің кооперациялық әлеуетін біріктіру жолымен екі жақты ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру ниеттеріне сүйеніп, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісім Уранды байыту жөнінде халықаралық орталықты (бұдан әрі - Орталық ) құру және оның қызметінің негізгі шарттарын анықтау мақсатында жасалады.

## **2-бап**

1. Осы Келісімнің шеңберінде:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық  
р е с у р с т а р м и н и с т р л і г і ;

Ресей тарапынан - Атом энергиясы федералдық агенттігі атқарушы органдар болып  
т а б ы л а д ы .

2. Орталықтың уәкілетті құрылтайшы-ұйымдары (Орталықтың қатысушылары):  
Қазақстан тарапынан - "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік  
қ о ғ а м ы ;

Ресей тарапынан - "Техснабэкспорт" ашық сыртқы экономикалық акционерлік  
қ о ғ а м ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Атқарушы органдар мен уәкілетті құрылтайшы-ұйымдар, олардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, Тараптар мұндай өзгеріс туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

## **3-бап**

Орталық Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 2-бабында белгіленген уәкілетті құрылтайшы-ұйымдармен ашық акционерлік қоғам нысанында құрылады және Ангарск қаласында (Ресей Федерациясы) орналасады.

Орталықтың негізгі міндеті атом энергетикасының мұқтаждарына арнап отын ( ұнтақтар, таблеткалар, жылу шығаратын қосындылар) дайындау үшін уранды байыту жөніндегі қызметтерді ұсыну мақсатында өз аумағында уранды байыту жөніндегі қуаттарды дамытпай отырған мемлекеттердің арасынан негізінен Орталықтың

ұйымдастырушы-қатысушыларына "Ангарск электролиз химия комбинаты" (бұдан әрі - кәсіпорын) федералдық мемлекеттік тұтас кәсіпорнның базасында уранды байыту жөніндегі қуаттарға кепілді қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Орталық өз қызметінде осы Келісімнің ережелерін, Ресей Федерациясының заңнамасын және Орталықтың жарғысын басшылыққа алады.

Орталықтың өкілеттіктері мен жұмыс істеу тәртібі оның жарғысымен айқындалады, оны Тараптардың уәкілетті ұйымдары атқарушы органдармен келісім бойынша бекітеді.

#### **4-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес атқарушы органдар мен уәкілетті құрылтайшы-ұйымдарға, олардың уранды байыту жөніндегі қуаттарға ие кәсіпорнның акцияларын сатып алуын қоса алғанда, Орталықты құруға және Орталықтың өз қызметін жүзеге асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

#### **5-бап**

1. Орталық 1968 жылғы 1 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың шеңберіндегі міндеттемелерді орындайтын және орталықтың мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін үшінші мемлекеттердің мүдделі ұйымдарының қатысуы үшін ашық. Мұндай қатысу осы Келісімнің Тараптары мен үшінші мемлекеттердің үкіметтері арасындағы жекелеген үкіметаралық келісімдердің негізінде Орталықтың жарғысында көзделген тәртіппен ресімделеді.

2. Орталықтың қатысушы ұйымдарының Ресей Федерациясының заңнамасына және Орталықтың жарғысына сәйкес Орталықтың өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша қажетті ақпаратты алуды қоса алғанда, дивидендтерге және Орталықты басқаруға қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

3. Орталық өндірген және Ресей Федерациясынан әкетілген байытылған уран атом энергетикасының мұқтаждары үшін отын (ұнтақтар, таблеткалар, жылу шығаратын қосындылар) дайындауға пайдаланылады.

#### **6-бап**

Осы Келісімнің мақсаттарын тиімді жүзеге асыру үшін Тараптар Біріккен Консультативті Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады, ол:

Тараптардың атқарушы органдары арасындағы осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты, оның ішінде ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын қамтамасыз етуге қатысты дауларды қарайды;

осы Келісімнің пәрменділігі мен тиімділігін арттыру үшін қажет болуы мүмкін қосымша шараларды қарастырады.

Тараптардың атқарушы органдары Комиссияның тиісінше қазақстандық және ресейлік бөліктерінің құрамын белгілейді, олар мүшелердің тең санынан тұрады және олардың төрағаларын тағайындайды.

Комиссияға ұлттық бөліктердің төрағалары кезектесіп басшылық етеді. Әрбір төраға Комиссияны бір жыл бойына басқарады.

Төрағалық етуші Тарап мемлекетінің аумағында Комиссияның отырыстары жылына екі рет немесе Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша жиірек өткізіледі.

Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады және консенсуспен қабылданады. МАГАТЭ-нің келісімі бойынша оның өкілі Комиссияның жұмысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатыса алады.

## **7-бап**

Тараптар Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес, МАГАТЭ-мен келісім бойынша Орталықтың жанынан табиғи және байытылған уран қорын жасауы мүмкін, ол Орталыққа қатысушы ұйымдар алдында Орталықтың міндеттемелерін орындау үшін пайдаланылады.

Қорға берілетін ядролық материалдың мөлшері, сондай-ақ оны жасаудың шарттары Комиссияның шеңберінде алдын ала қарауға жатады.

## **8-бап**

Тараптар Орталықтың жұмыс істеу мәселелері бойынша МАГАТЭ-мен ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастықтың нақты өлшемдері Тараптардың МАГАТЭ-мен жекелеген уағдаластықтарының мәні болып табылады.

## **9-бап**

1. Ресей Тарапы, оның ішінде оның уәкілетті құрылтайшы-ұйымы, осы Келісімнің шеңберінде Орталыққа, қазақстандық Тарапқа, оның ішінде оның уәкілетті құрылтайшы-ұйымына, сондай-ақ ұйымдары орталыққа қатысушылар болып табылатын мемлекеттерге, олардың жеке және заңды тұлғаларына уранды байытудың технологиясын, сондай-ақ тиісті жабдықтарды, қондырғыларды, аспаптарды, материалдарды, жобалық және техникалық шешімдерді жиынтық түрде де, сол сияқты бөлшектері бойынша да бермейді.

2. Қатысушы ұйымдардың өкілдері мен Орталық қызметкерлерінің, өндірістік-шаруашылық қызметті қоса алғанда, Орталықтың жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін "Ангарск электролиз химия комбинаты" федералдық мемлекеттік

бірегей кәсіпорнының аумағына кіруі Ресей заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Тараптардың атқарушы органдарының қосымша уағдаластықтарымен реттелуі мүмкін.

## **10-бап**

1. Орталықтың қайта өңдеуі және осы Келісімнің мақсаттары үшін одан әрі пайдалануы үшін Тараптар мемлекеттерінің арасындағы ядролық материалдардың экспорты мен импорты 1968 жылғы 1 шілдедегі Ядролық қаруды таратпау туралы шарттан және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар мен уағдаластықтардан туындайтын Тараптардың міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ядролық материалдар, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық материалдар ядролық қару және басқа ядролық жарылғыш құрылғылар жасау үшін немесе қандай да бір әскери мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ядролық материалдар Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы 1994 жылғы 26 шілдедегі шартқа байланысты, INFCIRC/504, Кепілдіктерді қолдану туралы келісімге және 2004 жылғы 6 ақпандағы оған Қосымша хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында - заңи құзыретінде және жауапкершілігінде және Ресей Федерациясының аумағында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағымен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында кепілдіктерді пайдалану туралы 1985 жылғы 21 ақпандағы келісімге сәйкес, INFCIRC/327, оның заңи құзыретімен және жауапкершілігімен МАГАТЭ кепілдіктерінде болады.

## **11-бап**

Әрбір Тарап Орталықтың объектілерін және оның қызметінің мақсаттарына арналған ядролық материалдарды жеке қорғау үшін Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің "Ядролық материал мен ядролық қондырғыларды жеке қорғау" атты құжатында INFCIRC 225/Rev.4 немесе оның соңғы редакцияларында көзделгеннен төмен емес деңгейде оның мемлекеттік заңнамасымен көзделген барлық қажетті шараларды қабылдайды.

## **12-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес осы Келісімге байланысты мәселелер бойынша бір-біріне ақпарат ұсынады.

Мемлекеттік құпияны құрайтын ақпарат осы Келісімнің шеңберінде берілмейді.

Осы Келісімнің шеңберінде берілетін және атқарушы органдар, уәкілетті құрылтайшы-ұйымдар немесе Орталық құпия ретінде қарайтын ақпарат оны беру кезінде осындай деп нақты айқындалуы, ал құпия ақпаратты қамтитын құжаттарда "құпия" деген белгі болуы тиіс.

Құпия ақпаратты алушылар оны тиісті ақпаратты жөнелтушілер мен алушылар арасындағы уағдаластыққа және өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес пайдаланады.

Құпия ақпарат мұндай ақпаратты берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етілмейді және үшінші тараптарға берілмейді.

### **13-бап**

Тараптар, оның ішінде олардың уәкілетті құрылтайшы-ұйымдары мен Орталық халықаралық құқық нормаларына және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шеңберінде қорғалатын тауарларға және жұмыстарды орындауға байланысты технологияларға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау және осындай технологиялар мен тауарларды үшінші мемлекеттерге, олардың жеке және заңды тұлғаларына рұқсатсыз бермеу жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

### **14-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

### **15-бап**

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

### **16-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **17-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім он жыл мерзімге жасалады және одан кейін, егер Тараптардың бір де біреуі өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті кезең аяқталғанға дейін бір жыл бұрын екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, келесі он жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату Орталықтың заңды тұлға ретіндегі қызметін тоқтатуды білдірмейді. Орталықтың алдағы қызметі туралы шешім халықаралық шарттармен, Ресей Федерациясының заңнамасымен және Орталықтың жарғысымен анықталады.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Орталық өндірген байытылған уран, сондай-ақ оның негізінде немесе оны қолдану нәтижесінде өндірілген ядролық материалдар толық пайдаланылмайынша немесе қандай да бір ядролық қызмет үшін жарамсыз болмайынша 6-баптың 3-тармағының және 10-баптың ережелері Тараптар үшін міндетті және қолданылатын болып табылады.

2007 жылы 10 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*